



ШЕШІМ

14.12.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 112/15-VIII

город Астана

**Астана қаласында тұрғын алаптарын
дамытудың кешенді жоспарларын
орындау туралы**

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н. Нұркеновтың Астана қаласының шетінде орналасқан тұрғын алаптарының жай-күйі мен даму перспективалары туралы баяндамасын тыңдап және талқылап, Астана қаласының мәслихаты мыналарды атап өтеді.

Қала әкімдігі елорданың шет аймақтарын абаттандыру және инженерлік, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізуде.

Елорданы дамытудың бас жоспарына сәйкес инженерлік желілерді, автомобиль жолдарын жобалау, салу, реконструкциялау және жөндеу, қала шетінде орналасқан тұрғын алаптарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

Сессияның пленарлық отырысына дайындық шеңберінде, сондай-ақ шет аймақтарды абаттандыруға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігіне қатысты мәселені зерделеу мақсатында мәслихат депутаттары елорданың шешуді талап ететін жүйелі проблемалық мәселелер бар тұрғын алаптарын аралап қайтты.

Бүгінгі таңда тұрғын алаптарының басты проблемасы жолдардың абаттандырылмауы, тротуарлардың, жарықтандырудың, су құбыры инженерлік желілерінің, кәріз жүйесінің, газдың, бейнебақылау камераларының болмауы, тұрғын үйлердің жоғары дәрежеде тозуы және т. б. мәселелер болып қала береді.

Мәселен, Агроқалашық тұрғын алабында 45 көшенің 30-нда сапалы асфальт жабыны жоқ. Кәріз желілері жарамсыз күйде, бұл су ағыны деңгейі жоғарылаған кезде оларға қызмет көрсетуді қиындатады. Электрмен жабдықтау желілерінің, электр беру тіректерінің жоғары дәрежеде тозуы салдарынан электр қуатының жиі ажыратылуына жол беріледі. Сондай-ақ, бұл тұрғын алабының тұрғындары кәріздің жоқтығы, ақпайтын судың жағымсыз иісі мен қамыстың өсуі, газға қосылу проблемалары, ойын алаңдары бар аулалардың болмауы сияқты және т. б. проблемалар бойынша шағым айтуда.

Кирпичный тұрғын алабында бірде-бір жұмыс істейтін балабақша және бірде-бір жалпы білім беретін мектеп жоқ. Сондай-ақ, су құбыры инженерлік желілерінің, кәріз жүйесінің болмауы сияқты проблемалар бар.

Өндіріс тұрғын алабының басты проблемаларының бірі автобус маршруттары болып табылады, олардың қозғалыс аралығы шамамен бір сағатты құрайды. Ауданның криминогенділігіне байланысты бейнекамералар орнату мәселесі өткір тұр.

Сондай-ақ, Үркер тұрғын алабының тұрғындары да автобустарды ұзақ күтетіндіктеріне шағымданады. Тельман тұрғын алабында газдандыру жүйесіне қосылу және кәріз жүйесіне қатысты мәселелер бар.

Тұрғын алаптарындағы жүйелі проблемалық мәселелерді ескере отырып, аудандарды абаттандыруға, оның ішінде тұрғын алаптарын дамытуға бюджет қаражатының тұрақты негізде бөлінуіне қарамастан, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тұрғын алаптарын абаттандыру бойынша жүргізілетін жұмыстардың тиімділігі мен сапасына және бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігіне назар аударуы қажет.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, жоғарыда баяндалғанның негізінде Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласының әкімдігіне бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің елорданың тұрғын алаптарын абаттандыру, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізуіне бақылауды күшейту ұсынылсын.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

елорданың тұрғын алаптарында жол салу, асфальт төсеу бойынша орындалатын жұмыстардың сапасын, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен мердігерлерді жауапкершілікке тарту арқылы қамтамасыз ету;

тұрғын алаптарында автобус маршруттарының тиісті уақыт аралығымен қозғалысының жүйелілігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-не «Астана Су Арнасы» ШЖҚ МКК-мен бірлесіп:

Агроқапшық тұрғын алабында және қалашық басқа да тұрғын алаптарында электрмен жабдықтау желілерінің салбырап қалуы, электр беру тіректерінің, электр бағаналарының ескіруі салдарынан электр қуатының жиі ажыратылуына байланысты жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

тұрғын алаптарында кәріз жүйесін жүргізу және салу, ақпайтын судың иісін жою және т. б. бойынша үдерістерді жеделдету;

тұрғын алаптарын газдандыру бойынша жұмыстарды аяқтау ұсынылсын.

4. «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Нұра», «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппараттарына:

Астана қаласы мәслихатының аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының қатысуымен тұрғын алаптарының проблемалық мәселелерін талқылау бойынша алдағы отырыстарға ақпарат дайындау;

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ-мен бірлесіп, Астана қаласының бекітілген Бас жоспарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, қаланың әрбір тұрғын алабын дамытудың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеу және елорда мәслихатымен келісу;

балалар және спорт алаңдарын орната отырып, тұрғын алаптарының аулаларын абаттандыру жөнінде шаралар қабылдау;

мердігерлерді орамшілік тазалау, оның ішінде қар тазалау жұмыстарын жүргізу үшін көбірек, яғни 2 данадан артық техниканың (тракторлар, тиегіштер) болуын қамтамасыз етуге міндеттеу;

тұрғын алаптарында қамыс қопасын жою жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Нұра», «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппараттарына «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

елорданың тұрғын алаптарында контейнерлер орнату, пайдалануға жарамсыздарын жою және ауыстыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ, Астана қаласының Полиция департаментіне:

тұрғын алаптарында учаскелердің криминогендік факторын ескере отырып, ЖБО-ға қосылған бейнекамералар орнатуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов